

«СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ОРТАЛЫҒЫ» КММ

КГУ «ЦЕНТР АНАЛИЗА И РАЗВИТИЯ МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ»
УПРАВЛЕНИЯ ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ОРАЗАЛИНОВ Н.Қ.
СИНЯКОВ О.В.
ЖҰМАҒАЛИЕВА А.М.

СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

РЕЛИГИОЗНАЯ ТОЛЕРАНТНОСТЬ И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ



Петропавл
2016

**«СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУЫҢ ОРТАЛЫҒЫ» КММ**

**КГУ «ЦЕНТР АНАЛИЗА И РАЗВИТИЯ
МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ» УПРАВЛЕНИЯ ПО
ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

**ОРАЗАЛИНОВ Н.Қ.
СИНЯКОВ О.В.
ЖҰМАҒАЛИЕВА А.М.**

**Н.К. УРАЗАЛИНОВ
О.В. СИНЯКОВ
А.М. ЖУМАГАЛИЕВА**

**СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ
ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ
КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМ**

**РЕЛИГИОЗНАЯ ТОЛЕРАНТНОСТЬ И
МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ В
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Петропавл
2016**


Солтүстік Қазақстан облысындағы діни толеранттылық және конфессияаралық келісім // Оразалинов Н.К., Синяков О.В., Жұмағалиева А.М. – Петропавл, 2016 ж. – 94 бетте

Религиозная толерантность и межконфессиональное согласие в Северо-Казахстанской области // Н.К. Оразалинов, О.В. Синяков, А.М. Жумағалиева. – Петропавловск, 2016 – 94 с.

53081

Данное издание, подготовленное сотрудниками КГУ «Центр анализа и развития межконфессиональных отношений» управления по делам религий СКО», посвящено истории религиозных общин и развитию государственно-конфессиональных отношений в Северо-Казахстанской области. Авторы рассматривают опыт взаимодействия и сотрудничества религиозных объединений и государства.

Материалы предназначены для экспертов в области религии, социогуманитарных наук, представителей религиозных общин, а также для широкой общественности в целях повышения религиозной грамотности.



МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1. ИСЛАМ.....	7
2. ПРАВОСЛАВИЕ.....	12
3. КАТОЛИЦИЗМ.....	22
4. ПРОТЕСТАНТИЗМ.....	26
4.1. Інжілдік-лютеран шіркеуі.....	26
4.2. Інжілдік Мәсіхші Баптистер (ІМБ).....	30
4.3. Елулікшілер шіркеулері.....	32
4.4. Пресвитериандық шіркеулер.....	34
4.5. Жетінші Күн Адвентистері (ЖКА).....	35
4.6. Новоапостол шіркеуі.....	36
5. АНТИТРИНИТАРИЗМ.....	37
5.1. Ехоба куәгерлері.....	37
Қорытынды.....	39

Кіріспе

2016 жыл Солтүстік Қазақстан облысы үшін мерейтойлық болып табылады: оның пайда болған күннен бастап 80 жыл толды.

Біздің облыс өз бастауын ғасырлар қойнауынан алатын рухани байлық қоймасы болып табылатынын біз ұлы мақтаныш сезіммен атап өтеміз. Бүгінгі таңда түрлі этнос және дін өкілдерін біріктіретін Халықтар достығы, тек Солтүстік Қазақстан облысының ғана емес, біздің еліміздің бүкіл тұтастай алғанда мақтанышы болып табылады.

1936 жыл Солтүстік Қазақстан облысының ресми қалыптасқан датасы болды. Ол Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің қаулысымен Қарағанды облысының солтүстік аудандарынан және Қарақалы округінен құрылды.

Солтүстік Қазақстан облысы - Қазақстан құрамындағы он төрт облыстың бірі. Облыс орталығы – Петропавл қаласы.

2016 жылғы 1 қаңтар айындағы деректер бойынша облыс тұрғындарының саны 568,9 мың адамды құрады. Біздің облыстың құрамында сан жағынан басым екі этнос – қазақ және орыс. Облыстың ұлттық құрамы (облыстың барлық тұрғындарының санынан): 49,8% – орыстар; 34,6% – қазақтар; 4,3% – украиндар, 3,5% – немістер, 2,2% – поляктар, 2,2% – татарлар, 1% – белорустар.

Дінге сенуші облыс тұрғындары мынаны құрайды: ислам – 42%, православтар – 52%, католиктер – 5%, протестанттар – 1%. Саны бойынша дінге сенушілердің әдеттегідей көш басында мұсылмандар мен православ христиандардың діни бірлестіктері, онда облыстың 90% - дан астам дінге сенушілер кіреді.

Облыста 10 конфессияға жататын 136 діни бірлестіктер мен филиалдар қызмет етеді: ислам, православие, елулікшілер шіркеуі, інжілдік христиан-баптистер, католицизм, Ехоба куәгерлері, пресвитериандық шіркеулер, жетінші күн адвентистері, інжілдік-лютеран шіркеуі және новоапостол

шіркеуі.

169 ғибадат ғимарат жұмыс істейді, оның ішінде 68 мешіт, 31 православислік шіркеу, 44 рим-католик костел мен часовня, 26 намаз оқитын протестанттық үй.

Миссионерлердің барлығы – 43, оның ішінде 39 Рим-католик шіркеуі және 4 – Новоапостол шіркеуі.

Қазіргі уақытта 6 мешіт, 6 шіркеу салынып жатыр.

Солтүстік Қазақстан облысында діни бірлестіктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және қалыптасқан мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар аясында жұмыс істейді. Бұл ретте, СҚО-да діни бірлестіктер қоғамнан ажырап, өздігінен қалмайды, алайда қоғамда азаматтық бейбітшілік пен рухани келісімді нығайтуға бағытталған әлеуметтік-мәдени іс-шараларға қатысуға тартылатыны маңызды ерекшелігі болып табылады.

Қазіргі заманда діндер келісімінің рөлі өте зор. Сондықтан біздің облысымызда конфессияаралық сұхбат болмаса, тұрақтылық пен тыныштық та мүмкін емес. 2015 жылғы қазан айында Солтүстік Қазақстан облысының Дін істері басқармасымен және «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ-мен Діни бірлестіктердің басшыларының клубы құрылған *(1-ші суретке қараңыз)*. Клубтың қызметі өңірде дін саласындағы тұрақтылықты және конфессионалдық келісімді нығайтуға бағытталған. Клубтың ұраны – «Білім және түсінушіліктен – сұхбат пен толеранттылыққа». Клуб Петропавл қаласының 9 конфессия өкілдерін біріктіріп, толыққанды сұхбат алаңына айналды.

Белгілі жазушы-публицист В. М. Песков дұрыс атап өткендей, Отаным орасан зор ағашқа ұқсас, оның жапырақтары сансыз. Бірақ кез-келген ағаштың өз тамыры бар. Тамырсыз оны тіпті кішкентай жел де құлатар еді. Тамыры – бұл біздің тарихымыз. Әр адамның өмірінде кіші Отан, Атамекен, туған өлке туралы ойлар маңызды рөл атқаратыны айдан анық. Сондықтан, туған өлкенің өткен күні мен бүгінгі күнін, оның рухани бай мәдениетін білу соншалықты маңызды болып

табылады.

Осы кітаптың авторлар ұжымы дәл осындай көзқарас көрсетеді. «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ директоры Оразалинов Нұрғали Құрманғалиұлы және сарапшылар Сияков Олег Витальевич және Жұмағалиева Азиза Маратқызы Солтүстік Қазақстан облысында қызмет ететін конфессиялар тарихын жария етуді алдарына мақсат етіп қойды. Осы жинақта ұсынылған барлық қауымдар – бұл өз қызметін заңды негізде жасайтын әділет органдарында ресми түрінде тіркелген жергілікті діни бірлестіктер. Авторлар осы қауымдардың ғибадат ғимараттарына егжей-тегжейлі тоқталды, олардың көпшілігі Петропавл қаласының тарихи және мәдениет ескерткіштері болып табылады. Көрнекілік үшін сипатталатын ғибадат ғимараттарының көпшілігі фотосуреттермен сүйемелденеді.

Аталған діни ағымдардың әлемдік ауқымда қалыптасу тарихын толық баяндау, олардың қызметінің ерекшеліктерін қарастыру және олардың сенімдеріне сипаттама беру кітап авторларының міндетіне кірмеген. Анықтамалықты жасаушылар Солтүстік Қазақстан облысы және Петропавл қаласының иелікті қауымдардың тарихын баяндаумен ғана шектелген. Кітаппен жұмыс істеу барысында авторлар ұжымы Ғаламтор желісінде және ресми ақпараттық көздерінде жергілікті діни бірлестіктер туралы мәліметтер жоқ деген мәселеге тап болды. Қауымдардың басшыларымен, сондай-ақ, шіркеу мүшелерімен елеулі көмек көрсетілді, бұл осы бірлестіктердің тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

Авторлар анықтамалықты жақсарту бойынша кез-келген ескертулер мен нақты ұсыныстарға риза болады.

1. ИСЛАМ

Ислам (араб. т. – әлемдік, монотеистік ибраһимдік дін. «Ислам» сөзі «өзін Құдайға тапсыру», «бойсұнушылық», (Алланың заңдарына) «бағынушылық»)[1]. Араб тіліндегі «ислам» сөзі – *сәләмә* етістігінен туындаған зат есім, ол «аман болу», «құтқарылу», «сакталыну», «еркін болу» деген мағынаны білдіреді[2].

Еліміздің тарихы жүзжылдықтар бойы исламмен тығыз байланысты болып келеді. Қазақ халқының мәдениеті мен рухани өзгешіліктерінің тұрақтануына да түрткі болған осы дін. Ислам өркениетінің қалыптасуы мен оның көптеген жетістіктеріне көне түркілер, қазақтардың ата-бабаларының қатысы бар екені сөзсіз.

Қазіргі уақытта, Дін істері комитетінің мәліметтері бойынша, Қазақстанда 2508 мұсылман қауымы тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысындағы ислам. XX ғасырдың басында, ол уақытта Петропавл қаласы Ақмола облысына тиесілі, облыс орталығымызда 6 тас және 3 ағаш мешіт болған екен. XXI ғасырдың басына қарай аталған 6 тас мешіттің бесеуі, ал ағаш мешіттерден ешбіреуі сақталмай қалған. Облыстық мұрағатта сақталып қалған анықтамадан: «Шіркеулер, мешіттер және құлшылық үйлерінің тіркеуін кеңес үкіметі кезінде – 1921 ж. қаңтар айында жүргізген, деп хабарлайды петропавлдық мешіттің жанындағы жамағат кеңесі. Бұл тізімге қала аймағындағы тоғыз мешіт енгізілген болатын...» [3], оларға кеңес шенеуніктерінің тарапынан нөмірлер берілді.

Алғашқы собор мешіті – екіқабатты тас мешіт. 1860 жылы А. Мұсатаев көпестің ақшасына салынып, 1930-ы ж. жабылып қалған. Кейін ғимарат нан комбинатының цехы болып қолданылған. Ол Первомай көш. (бұрынғы Почтамптская көш.) бойында орналасқан болатын.

Екінші собор мешіті (Подгорная немесе Қасым мешіті) – екіқабатты тас мешіт. II Екатерина патшайымның бұйрығы

бойынша 1795 жылы қаланды. Кезінде, ол казак даласындағы алғашқы тас мешіті және қаладағы тастан жасалған ғимараттардың алғашқысы болып саналған. 1801 жылы найзағайдан жарым-жартылай қирап, 1820-ы ж. өзгертіліп, қайта салынды. 1930-ы ж. мүлдем жабылып қалды. 90-ы жылдары бұл мешіттің ғимараты балық зауытының меншігінде еді, қазіргі таңда ол сауна ретінде қолданыста [4]. Ол Коминтерна көш. (бұрынғы Большая) бойында орналасқан (*2-ші суретке қараңыз*).

Үшінші собор мешіті (Мұрат мешіті) – тас мешіт. 1868 ж. С. Мұратов көпестің қаражатына Горький көш. (бұрынғы Хлебниковская) бойында салынды. 1898 ж. бастап 1931 ж. дейін, мешіттің жабылған жылына дейін, Стамбұл университетінің түлегі Бегишев Мұхаммеджан имам қызметін атқарған. Одан басқа мешітте Усманов Абдұлқайыр мен Сайфутдинов Қамалутдин дін қызметкерлері болып жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысынан кейін мешіт құлатылып, орнына бала бақша тұрғызылған болатын.

Төртінші собор мешіті (Давлеткелді мешіті) – тас мешіт. 1870 жылы М. Давлеткелдиев Көпестің ақшасына салынды. Мұнарасы ішінара сақталған, қазірде ғимараты Киров ат. зауытының қосалқы орны ретінде қолданыста. Ол Попов көш. (бұрынғы Степная) бойында орналасқан.

Бесінші собор мешіті (Дінмұхаммед мешіті) – Петропавл қаласының қайта тұрғызылған тас мешіттерінің көнесі. 1851 ж. татар көпесі Бичурин Дін-Мұхаммедпен тұрғызылған. Жанынан медресе салынған. 1938 ж. мешіт мұнарасы бұзылып, мешіт жабылып қалған. Кейін ғимарат қолданыста болды. 30-ы жылдары тыйым салынған татар-башқұрт жамағаты 1996 ж. қайтадан тіркеуден өтеді. 1998 ж. мешіт және оған қарасты аймақ жамағатқа беріліп, ғимаратты қалпына келтіру мақсатында құрылыстық және қалпына келтіру жұмыстары басталады. Петропавл қ. татар-башқұрт мұсылман жамағатының төрағасы Рафаиль Хасанович Рязанов имам болып тағайындалды. 2001 ж. биіктігі 24 м. дейін жететін мұнара

тұрғызылып, мешіттің сырты металл торлы тас дуалмен бүркелген. 2012 ж. «Дін-Мұхаммад» мешітінің мұсылман жамағаты» құжаттары мәселесінде қайта тіркеуден өте алмады [5]. 2016 ж. Петропавл қаласының татар-башқұрт жамағаты ҚМДБ филиалы ретінде қайта тіркелген. Мешіттің бас имамы – Рафик Абдулханович Мусин, мешіттің наиб имамы – Марат Жаналисвич Бугубаев, істерді меңгеруші – Ибрагим Исмагилович Ахметжанов. Мешіт Советская көш. (бұрынғы Банковская көш.) № 22 үй мекен-жайы бойынша орналасқан *(3-ші суретке қараңыз)*.

Алтыншы собор мешіті (Янгуразов, Халитов мешіті) – тас мешіт. 1882 жылы татар көпесі Янгуразов Халиттің қаражатына салынған. Ғимараттың ең бағалы жерлерінің бірі негізгі корпусы, қасбеті және мұнарасы болып саналады. (1936 ж. бұзылып, 1996 жылы қайта тұрғызылған). Ғимараттың қасбеті кірпіш қалауымен бөсендірілген. Ғимараттың сыртқы келбетінің негізгі элементінің бірі терезе ойықтарын қоршаған жартылай дөңгелек пилястрлерге сүйенген көлденең шілтер өрнекті дарбаза болып саналады. Биік терезелер жақ дарбазалармен аяқталған [6]. 1930-ы ж. мешіт қызметін тоқтатып, ғимарат пионерлер клубы, балалар және жасөспірімдерге арналған спорт мектеп ретінде қолданыста болған. 1936 ж. мұнарасы бұзылып, 1991 ж. мешіт мұсылман жамағатына қайтарылған еді, ал 1993 ж. мешіт қайтадан ашылған болатын. 1995 жылы жүргізілген жөндеу жұмыстары кезінде, мешіттің бұрынғы иенішінді мұнарасы қалпына келтірілмей қалған. 2008 ж. мешіт ҚМДБ филиалы ретінде қайта тіркеуден өтті, ал 2012 жылы ол атын «Нұр» мешіті деп өзгертіп, қайтадан тіркеуден өтуге мәжбүр болды. Мешіттің бас имамы – Әбілхан Балтаұлы Жәпішев, наиб имам – Зиятбек Ахметұлы Наржігітов. Мешіт Жамбыл көш. №160 үй мекен-жайы бойынша орналасқан *(4-ші суретке қараңыз)*.

Кеңес үкіметі кезінде № 7, 8, 9 ағаш мешіттерінің ғимараттары бұзылып, орындарына көпқабатты үйлер тұрғызылған болатын.

Жоғарыда айтылған мешіттерден басқа, айырбас ауласы маңайында орналасқан мешіт болған еді, бірақ ол 1924 ж. сәуір айында жабылған болатын [7].

1947 ж. қала басшылығының рұқсатымен дін қызметкерлерімен К. Маркса көш. (қазіргі Абай көш.) бойында орналасқан жер үй сатып алынып, үстінен шағын ағаш мұнарасы тұрғызылып, мешіт өз жұмысын істей бастады. 70-і ж. сол қала бөлігінде көпқабатты үйлердің қарқынды салына бастаған кезінде, мешіттің ғимаратын құлатуға тура келді. Оның орнына 1978 ж. «Бензострой» ықшам ауданынан (қазіргі «Береке» ықшам ауданы), Волочаевская көш. №100 үй мекен-жайы бойынша «Мухсин» мешіттің жаңа кірпіштен жасалған ғимараты тұрғызылды (*5-ші суретке қараңыз*). Қазіргі таңда да мешіт атын өзгертпеген және сол қалпы жұмыс жасауда. 2012 ж. ол ҚМДБ филиалы ретінде қайта тіркеуден өткен. Оның бас имамы – Абылай Құрмашұлы Құрсақов.

2001 ж. «Қызылжар» облыстық орталық мешітінің алғашқы іргетасы қаланды. 2004 ж. Елбасының Сауд Арабиясына сапарынан кейін құрылыс жұмыстары аяқталып, 2005 жылы жаңа мешіт өз есіктерін ашты. Салтанатты ашылуына: бас мүфти Ратбек қажы Нысанбайұлы, Ақмола облысының архиепископы Элеферий, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі – Тайыр Аймұхаметұлы Мансұров және Ресей Федерациясының Сібір федералдық округінің мүфтиі Ануарбек қажы Жүнісов қатысты.

Орталық мешіт К. Сүтішев көш. №40 үй мекен-жайы бойынша орналасқан (*6-ші суретке қараңыз*). Ол 750 ден 1000 адамға дейін сидыра алады. «Қызылжар» мешіті ол – бірқабатты жайғастыра салынған жайлары бар екіқабатты тіктөртбұрышты ғимарат. Негізгі ғимараттың күмбезінің биіктігі – 28 метр, екі мұнарасы 42 метрге дейін жетеді. Мешіттің ер адамдарға арналған (550 орын), әйел адамдарға арналған (200 орын) екі құжырасы және де неке құжырасы, кітапхана, асхана, екі сабақ оқуға арналған бөлме және екі намаздың алдында дәрет алатын бөлмелері бар. Мешіттің айналасы көкорай шалғын шөп [8].

2005-2011 жж. аралығында мешіттің бас имамы қызметін Яхья қажы Исмаилов атқарды, кейін 2011-2013 жж. Қасымхан Абдуллаұлы Исаев, ал 2013 ж. бастап, «Қызылжар» облыстық орталық мешітінің бас имамы және ҚМДБ-ның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша уәкілетті имамы болып Кенжетай қажы Байкесмелұлы Дүйсенбай тағайындалды. «Қызылжар» мешітінде Қасымхан Абдуллаұлы Исаев, Аян Болатұлы Алыпқашев, Айбек Оразымбетұлы Сайдалин, Азамат Амандықұлы Сәрсенов, Хамзат Әділбеков, Талей Тұрғанұлы Қариев сияқты дін қызметшілері жұмыс атқаруда. 2012 ж. мешіт ҚМДБ филиалы ретінде қайта тіркеуден өтті.

Петропавлда 64500 мұсылман адам тұрады, олар барлық қала тұрғындарының үштен бір бөлігін құрайды. Сондықтан, іргетасы 2014 ж. қазан айында салынған, Юбилейная және Жуков көш. қиылысында жаңа мешіт тұрғызуға шешім қабылданды.

2015 ж. Солтүстік Қазақстан облысының ғибадат үйлерінің саны Айыртау ауданындағы Қарасай Батыр ауылында жаңа мешіттің салынуымен өсті. Қазіргі таңда облыс бойынша Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 68 филиалы жұмыс жасауда және де 6 мешіттің ғимараттары көтерілуде.

Әдебиеттер.

1. L. Gardet, "Islam", Encyclopaedia of Islam
2. Баранов Х. К. Арабско-русский словарь. 7-е изд. М.: Русский язык, 2001, ISBN 5-200-00699-6, с. 370.
3. <http://elib.nklibrary.kz/petropavlovsk/mosques.html>
4. Из истории татарских мечетей г. Петропавловска / З. Махмутов // Газсырлар авазы — Эхо вско. — 2008. — № 1.
5. <http://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-petropavlovsk-mechet-din-mukhammad/27804866.html>
6. <http://sever.kz/?p=47>
7. http://do-apps.com/172_ru/e_169986.html
8. <http://sunna.kz/ru/mosque/view?id=3>

2. ПРАВОСЛАВИЕ

Православие (грек тілінен аударғанда – «дұрыс пайымдау», «дұрыс ілім» немесе «дұрыс ұлықтау» - Жаңа Рим – Константинополь епископы кафедрасының біріншілігінде және басты рөлінде, Исаның туғанынан I мыңжылдықта Рим империясының шығысында қалыптасқан христиандықтың ішіндегі бағыт.

Православие Никео-Цареградтік наным рәмізін ұстанады және жеті жалпыәлемдік соборлардың қаулыларын мойындайды; Православты шіркеудің рухани тәжірибесі мен ілім жиынтығы деп танылатын, өзара евхаристикалық қатынасу автокефалды жергілікті шіркеулердің қауымдастықтарын қамтиды. Православ шіркеуі өзінің Басшысы және негізін қалаушысы – Иса Мәсіхті және христиан әлемінде жалғыз кафоликалық шіркеу деп таниды [1][2].

Орыс православие шіркеуі (ОПШ, басқа ресми атауы – Мәскеулік патриархат[3]) – әлемдегі ең ірі автокефалды жергілікті православие шіркеуі [4][5][6][7].

Православие Қазақстандағы исламнан кейінгі сенушілердің сапы бойынша екінші діни бағыт. Қоғамымыздағы православиенің алатын орны туралы Елбасымыз аса сыйымды айтқан: «...православие мен ислам – Қазақстан руханияты негізделген екі тірек».

2016 жылдың сәуір айында алынған мәлімет бойынша, мемлекет аумағында Орыс Православие Шіркеуінің 329 діни бірлестігі бар. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы Орыс Православие Шіркеуінің Митрополия округіне кіретін тоғыз епархиясы бар.

Петропавл және Булаев епархиясы Петропавловск-на-Ишиме атты Омбы епархиясының викариатствосы ретінде 1914 ж. 6 қарашасында құрылған. 1930-ы ж. қуғын уақытында өздігінше болғаны әбден мүмкін, кейін Алма-Атинская епархиясының викариатствосы болып кеткен. 1957 ж. 14 наурыз

күнінен бастап тәуелсіз епархия. Жаңа құрылған епархияға: Петропавл, Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай сияқты бес облыс кірген. 1960 ж. 15 қыркүйегінде басқарушы епископ Иосиф (Чернов) Алма-Ата кафедрасына көшіріліп, Петропавл епархиясы жабылды, ал оның приходтары Алма-Атыға берілді [8]. 2011 жылдың 5 қазанында ол Қостанай епархиясынан бөлініп, қайтадан Солтүстік Қазақстан облысының шегіндегі дербес епархия ретінде тірілтілді [9]. 2012 жылдың 16 қазанында Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде Қазақстандағы Православие Шіркеуінің Петропавл және Булаев епархиясының мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігі табысталды. 2014 ж. бастап басқарушы архиерей болып Петропавл және Булаев епископы Владимир (шын аты – Виктор Викторович Михайкин) тағайындалды.

Петропавл және Булаев епархиясының құрамында: Булаев благочиниесі (Ақжар, М. Жұмабаев, Уәлихан, Тайынша аудандары), Бескөл благочиниесі (Қызылжар, Аққайың аудандары), Сергеевское благочиниесі (Есіл, Айыртау, Шал ақын, Тимирязев аудандары); Новоишимское благочиниесі (Ғ. Мүсрепов ауданы); Пресновское благочиниесі (Жамбыл, Мамлют аудандары); Петропавл благочиниесі (Петропавл қ.) сияқты 6 благочиниелік округ бар.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 31 православты приходтың төртеуі Петропавл қаласында орналасқан. Петропавл благочиниесін басқаратын Петропавл және Булаев епархиясының хатшысы, протоиерей Сергей Викторович Первушин.

Православие 1752 ж. Әулие Петрдің Бекінісінің іргетасы қалануынан бастап Петропавлда пайда болды. Бекініс салынуының алғашқы жылдары барлық шоқыну рәсімдері бейімделген бөлмелерде өтетін. Революцияға дейінгі Петропавлда, барлығы, жеті православие шіркеуі болған. Қазіргі таңда олардың екеуі ғана жұмыс істеуде, олар: Покров казак және Всехсвятская Новокладбищенская шіркеулері. Бес ғибадатхана құлатылған: Петропавловская Крепостная, Василь-

евская Старокладбищенская (Зенковская), Вознесенский гибадатханасы, Покровская Тюрсмная и Мариинская темір жол шіркеулері. Әдетте, барлық гибадатханалар жергілікті қаражатқа, кей кезде мемлекет қаражатына немесе Әзірет Синодтың қазынасындағы қаражатқа салынған болатын. Петропавлда христиан шіркеуіндегі діни қауым мүшелерінің қаражаттарына екі гибадатхана салынды - Петропавловская Крепостная және Покровская казачья. Басқалары – Васильевская, Вознесен гибадатханасы, Покровская Тюремная және Всехсвятская Хлебниковтар, В.К. Захарин, М. Глазкова, Зенковтар көпес отбасылары мен петропавлдық көпестердің көмегімен тұрғызылған еді. Петропавл темір жол станциясындағы Мариин шіркеуі ІІІ Александр Императордың атына, Сібір темір жол желісінің маңайында шіркеулер мен мектептер салу үшін, 1894 жылы ашылған қордың қаражатына Батыс-Сібір темір жол Басқармасымен салынған болатын.

Қаланың гибадатханаларының төртеуі приходтық еді: Петропавлдық Крепостнойлық, Покров казак, Вознесен гибадаханасы мен Мариин темір жол шіркеуі. Приходтардың шамалай шекаралары: Покров шіркеуі үшін – казак станциясы мен қаланың подгора жағы, Крепостнойлық үшін – бұрынғы бекініс ауданы мен сарбаз ауылы, Вознесен гибадатханасы үшін – қала орталығы, Мариин шіркеуі үшін – темір жол станциясының маңындағы кенті. Приход шекаралары басқарушы архиереймен бекітіледі.

1900 жылы барлық гибадатханалар Вознесен соборының настоятелі, протоирей Алексей Васильевич Михайловскийдың бастамасымен, Омбы епархиясы Ақмола облысы Петропавл қалалық благочиниесі құрамына қосылған.

Бірпрестолды Петропавлдық Крепостнойлық (Сарбаздық) шіркеуі Петропавлдың және бүкіл Солтүстік Қазақстанның алғашқы православие гибадатханасы болып саналады *(7-ші суретке қараңыз)*. Зерттеуші А.И. Семенов «Город Петропавловск за 200 лет» еңбегінде ол 1766 жылы тұрғызылды деп жазады. Негізгі ғимараты мен онымен байланысқан

қоңырауханасы және күзетшінің үйі тастан жасалған. Аса ардақты, шіркеуге табыс әкелетіндей иконалар болған жоқ. Бүгінге, Сарбаздық шіркеудің тек астыңғы жағының қабырғалары ғана сақталған.

Петр және Павел әулие апостолдардың соборы (Петро-Павловский собор) Коминтерна көш. № 97 үй мекен-жайы бойында орналасқан және қаладағы қолданыстағы ең ескі ғибадатханалардың бірі болып саналады (*8-ші суретке қараңыз*). Ол 1803-1822 ж.ж. қаланып, 1917 ж. дейін Покров казак шіркеуі деп аталды. Басты тақ – Петр және Павел әулие апостолдардың құрметіне, солтүстік – әулие ғажайып іс жасаушы Николайдың құрметіне, оңтүстік – Пресвятая Богородица жамылғысының құрметіне. Барлық жайлар 1815, 1818, 1821 ж.ж. дәйектілікпен дәріптелген. 1838 ж. өрттен тас қоңыраухана зардап шегіп, оны 1839 жылы оны бұзып тастады. 1844 ж. шіркеуен бөлек тұрып, тек онымен тас дәлізбен жалғанған қоңыраухананың іргетасы қаланып, 1848 ж. құрылыс жұмыстары аяқталды. Шіркеу шойын торлы тас дуалмен қоршалған.

1938-1946 ж.ж. Покров шіркеуі облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының иелігінде болып, басқа мақсатта қолданыста болған. 1946 ж. Петропавл атқару комитетінің облыс кеңесі подгора ғибадатханасының ғимаратын православие жамағатына тапсырды. Дәл сол жылы ғибадатхана Петр және Павел әулие апостолдардың соборы деп қайта дәріптелген. 1990 ж. шіркеу қоңырауларының қалпына келтіру жұмыстары басталды. Ғибадатхана дуалының жанында орналасқан ескі ғимараттың орнына – жаңа кірпіштен жасалған шоқыну ғибадатханасы тұрғызылды. 1997 ж. 16 маусымында осы ғимаратта Киелі Рух күні, Киелі Елуінші мерекесінің құрметіне шоқыну ғибадатханасы тағы дәріптелді. Шоқыну ғибадатханасында шоқындыру кезінде үлкендердің толығымен суға батуына арналған мәрмәр хауызды баптистерийі бар. 1999 ж. бастап собордың құрамында қажылық қызметі, жексенбілік мектеп және кітапхана жұмыс жасайды. Кітапхананың өзінде

бес мыңнан артық кітаптар мен журналдар қоры сақталған [10]. Сондай-ақ шоқыну құпияшылдығына дайындалып жүргендермен сабақ үшін, жариялағандар институты жұмыс істейді. 2006-2011 ж.ж. сыртқы капиталдық жамау жүргізілді. 2012 жылға қарай соборға тиесілі барлық территория тротуар плиткасымен жабылған және иконалар дүңгершігінің ғимараты жанартылды. 1994 ж. бастап Петр және Павел әулие апостолдар соборының настоятелі қызметін протоиерей Сергей (Сергей Васильевич Снопков) атқарып жүр.

Васильевская Старокладбищенская (Зенковская) шіркеуі 1847-1851 ж.ж. базар алаңының маңындағы жойылған зираттың (Интернациональная, Рижская, Абая и Комсомольская көш. аймағында) үстінен салынған. Ол шіркеу приходсыз үшпрестолды еді. 1847-1851 ж.ж. құрметті азаматша Акулина Георгиевна Зенкованың қаражатынына, Василий – епископ Парийскийдің құрметіне (еске алу 12 сәуір) Басты тақ салынды. Приделдер: оңтүстік жағы – Ғибадатханаға Әулие Құдайананың енгізілу құрметіне және солтүстік жағы – әулие зардап шегуші Акилинаның құрметіне тұрғызылды. 1882 ж. құрметті азаматтар ағайынды Павел мен Иван Зенковтардың қаражатына құрылған. Шіркеу ғимараты да, 1870 ж. салынған қоңырауханасы да тастан тұрғызылған болатын. Шіркеу айналасындағы қоршау тозған болды. Шіркеуде аса бағалы икона болған жоқ.

Вознесен соборы 1865-1870 ж.ж. қазіргі Н. Погодин ат. Облыстық орыс драма театры ғимаратының орнында қаланды *(9-ші суретке қараңыз)*. Собордың түсі қызыл еді, себебі бұрынғы ғасырда ғимараттардың сыртқы қабырғаларын бояу немесе сылау әдетте болмаған. Фундаменттің айналасы тас темір дуалмен қоршалған. Собордың ішкі жабдығы өте бай. Ішіндегі престолдардың саны – үшеу. Негізгісі Вознесенъ Господняның құрметіне. Собор ғимаратының ішкі қабырғалары боялған, көзге көрінетін жерлері киелі бейнелермен безендірілген. Аса құрметке ие иконалардың бірі – Азатшы Христостың адам қолымен жасалмаған кейпі. Қоңырау ілетін күмбезді мұнара он қоңыраудан тұратын, оның ең үлкенінің

салмағы 513 пұтка (8 т 208 кг) дейін жеткен. 1930 ж. қала исполкомымен Вознесен соборын құлату шешімі қабылданып, ол 1937 ж. жойылды.

1887 ж. тіркелген Покров Түрме Шіркеуі түрме «қамалының» қарамағында тұрғызылып, 1888 ж. 5 қаңтарында дәріптелген. Ішіндегі тағы – Әулис Құдай ананың жамылғысының құрметіне еді. Шіркеуге пайда әкелетіндей ешнәрсесі болмаған. Шіркеу түрмемен бірге жер бетінен жойылған болатын. Ол түрме сияқты, Слободская көш. (қазіргі – Аяған Шәжімбаев) бойында орналасқан.

Әулиелер ғибадатханасы (махалласыз Всехсвятская Новокладбищенская шіркеуі) – Петропавл қаласындағы біртақты ғибадатхана, Алтынсарин көш. № 203 үй мекен-жайы бойынша орналасқан (*10-ші суретке қараңыз*). Ғимараты 1890-1894 ж.ж. салынып, 1894 ж. шіркеу тағы дәріптелді. Бұл ғибадатхананың негізгі срекшеліктерінің бірі ретінде – дәріптелу рәсімінен кейін құлшылық ету рәсімдерінің ешқашан үзілмеу етіліп келе жатқанын айтуға болады.

Всехсвятская шіркеуі крест пішінді, күрделі конфигурациялы кірпіш құрылыс. Ғибадатхана ғимаратының қосымша элементтерінің бірі - үшбұрышты шатыр карнизінде орналасқан бес шағын мұнаралы күмбез. Шіркеудің бір ғана Всехсвятский приделы бар. Ғибадатхана территориясына негізгі кіреберісінің кірпіштен жасалған ұшаркалы дарбазасы бар. 1900 ж. Всехсвятская шіркеуінің жанында қайырымдылық үйі салынған. 1907 ж. Әулие Синодтың бұйрығымен әйелдер діни қауымына монастырь ашылды. Кеңес үкіметі кезінде шіркеу қарамағында болған жерлер тәркіленген. Шіркеу айналасындағы зиратты қиратып, орнына саябақ отырғызып, «Авангард» стадионын (қазіргі – «Қарасай») соқтырған.

Шіркеудің негізгі аса құрметті заттарының бірі – афон хатының Иверлік Құдай ана иконасы еді. Бұдан басқа ғибадатханадан – Әулие жерден әкелінген архидиакон Стефанның мүрдесі бар медальон, Пелагеяның мүрдесі бар икона, II Николай ғибадатханаға сыйлаған, Романов әулетінің

үш қамқоршылары – Әулие Николай, азап шегуші Александра, Мәскеу митрополиті – әулие Алексей сияқтылар бейнеленген иконаны көруге болады.

Қазіргі таңда Всехсвятский ғибадатханасына бұрынғы оның зираттық территориясын қайтарып берген. Шіркеу территориясында бірнеше құлпытасы бар қабыр сақталған [11]. 2016 ж. бастап епископ Владимир Әулиелер ғибадатханасының настоятелі қызметінде.

Мариин темір жол шіркеуі 1899-1900 ж.ж. салынған *(11-ші суретке қараңыз)*. Оның үш: орта – Әулие Теңапостолды Мария Магдалинаның құрметіне, оң – барлық қайғырушылардың Богоматердың құрметіне және сол – Федосей Углицкийдың құрметіне престолы бар. Күйдірілген кірпіштен жасалған ғимарат қоңырауханамен қосылған. Сыртындағы карниздері мен түрлі дөңестері қарналған және сүргіленген граниттен жасалған. Ол бірден 450 адамды сыйдыра алады. Ғибадатхананың айналасында боялған ағаш дуал орналасқан. Шіркеу құлшылық етуге қажетті заттармен және кітаптармен қамтылған болатын. Бұл шіркеудің негізгі байлығы деп патшайым Мария Федоровна табыстаған сәнді оюлы киотта, алтын ризадағы тасқа салынған әулие Мария Магдалинаның иконасын айтады. Шіркеуде өзіне табыс әкелетіндей заттары болмаған.

Кенес үкіметі кезінде бұл шіркеу алғашқылардың бірі болып зардап шеккен болатын. 1923 ж. шіркеу шіркеу ретінде жұмысын тоқтатып, орнына ғимаратында Жас құдайсыздардың сарайы ашылады [12]. 1974 ж. ол ғимарат толығымен жойылады.

1998 ж. Петропавл қаласында Құдайдың Ғибадат Ордасын жападан соғуға арналған қоғамдық қор құрылды. 1999 ж. 19-шағын ауданында Юбилейная 55 мекен-жайы бойынша, бұзылған Вознесен кафедрал соборының құрметіне, жаңа православие ғибадатханасының құрылыс жұмыстары басталды *(12-ші суретке қараңыз)*. Алты қоңырауы Свердловск облысының Каменск-Уральский қаласында арнайы тапсырыс бойынша құйып жасатып алынған. Олардың ең үлкенінің

салмағы 640 кг дейін жетеді. Иконостас үшін иконалар және басқа да приходтың толыққанды литургиялық өміріне қажетті заттар Мәскеуден сатып алынды. 2005 ж. 26 қараша күні Құдайдың ғибадат ордасы өз есігін ашады. Орданың жанында жексенбілік мектеп және әлеуметтік қызмет бөлімі жұмыс жасайды. 2016 ж. бастап аталмыш ғибадатхананың наастоятсәлі болып епископ Владимир тағайындалды.

Ғибадатхананың ашылған күні Петропавлда жаңа «Қызылжар» Орталық мешіті есігін ашты. 2006 жылдың қыркүйек айында бұл екі ғибадат құрылыстарына Н.Ә.Назарбаев келді. «Көпұлтты, көпконфессионалды Қазақстан халқына қашанда ерекше төзімділік, өзара жоғары сыйластық және өзара қолдау тәп, – деп атап өтті Президент. – Біздің еліміз әлемнің ең гүлденген елдердің қатарына кірмек. – Егер Қазақстанда одан әрі келісім рухын және бейбітшілікті нығайтатын болсақ, біз оған жетеміз» [13].

2010 ж. «Петропавл және Булаев Епархиясы апостолға теңестірілген Мария Магдалина храмының приходы» жергілікті православиеілік діни бірлестігі ресми түрде тіркелген және оның бастамасымен 2015 ж. 19 ақпан күні жаңа («Жастар» стадионының қасында, Сәтпаев 13А мекен-жайы бойынша орналасқан) Әулие азап шегуші Мефодийдың құрметіне шоқындыру храмы ашылды *(13-ші суретке қараңыз)*. Оның құрылыс жұмыстары 2013 жылдың сәуір айында басталса, 2015 ж. басында оны дәріптеген [14]. 2015-2016 ж.ж. храмның оңтүстік жағынан исповедадьняның құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Храмның ішкі безендіру жұмыстарымен жергілікті суретшілер айналысты. Ғимараттың сыртқы шығыс қабырғасында Петропавл епископы Мефодийдың суреті салынған. Мәскеу түбіндегі Софринодан Воскресения иконасының үлкен слайды әкелінді; Афона әулие тауынан шіркеуге Пресвятая Богородицаның кейпі табысталды. Бұл діни ғимарат бірден 150 адамды сыйдыра алады. Хражда құдайға құлшылық ету, тәубе ету, неке қию және жаназа сияқты діни

әдет-ғұрыптар тұрақты түрде атқарылады. Протоиерей Сергей Әулис Петр және Павел апостолдардың соборы және Апостолға теңестірілген Мария Магдалина храмының настоятелі болып қызмет жасауда [15].

2016 ж. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Хамзаұлы Сұлтанов пен Қазақстан және Астана метрополиті Александр «Береке» шағынауданындағы Севастиано-Магдалинский храм атты жаңа шіркеудің іргетасын қалауға қапсула салды [16].

Әдебиеттер.

1. «О девятом члене Символа веры» // Пространный христианский катехизис Православной Кафолической Восточной Церкви (адаптированная редакция)

2. Раннее христианство. Христос — основатель Церкви. // Алфеев, И., митр. Православие В 2-х томах. — М.: Сретенский Монастырь, 2009. — 1840 с. ISBN 978-5-7533-0502-2

3. Устав РПЦ, Гл. I, пункт 2

4. Новиков, 1985, Русская православная церковь — самая крупная из православных автокефальных церквей, с. 389.

5. Гордиенко, 1988, Русская православная церковь — самая крупная из ныне существующих автокефальных православных поместных церквей, с. 202.

6. Зуев, 2002, Русская православная церковь (РПЦ) — одна из 15 автокефальных православных церквей, занимает 5-е место в диптихе (помяннике) Вселенского (Константинопольского патриархата), наиболее крупная среди православных церквей в мире и среди религиозных организаций в России), с. 429—430.

7. О составе и количестве религиозных организаций и представительства иностранных религиозных организаций, содержащихся в реестре Министерства юстиции Российской Федерации (по состоянию на 1 января 2004 года) // Аналитический вестник Совета Федерации Федерального Собрания РФ. — М.: Совет Федерации Федерального Собрания Российской Федерации. — № 17 (237) (Приложение №1).

8. <http://www.petropavl.kz/asc/page32.html>

9/ Журналы заседания Священного Синода от 5–6 октября 2011 года

10. Состоялось вручение свидетельства о государственной регистрации Петропавловско-Булаевской епархии

11. Газета «Юный степняк» №27 (143) за 1923 г.

12. <http://sever.kz/?p=47>

13. http://www.votpusk.ru/country/dostoprим_info.asp?ID=23752#ixzz4CPD

yHz2l

14. <http://sever.kz/?p=47>
15. <http://izdatelstvo-sk.kz/?p=13956>
16. <http://www.russianskz.info/lentanews/6436-novy-pravoslavnyy-hram-otkrylsya-v-petropavlovske.html>

3. КАТОЛИЦИЗМ

Католицизм (грек тілінен «жалпылама», «бәрін сыйдыратын») – 1,25 млрд. адамды қамтитын, адам саны бойынша христиандықтың ішіндегі ең үлкен бағыт.

Қазақстандық католик шіркеуі – бүкіләлемдік Католик шіркеуінің бөлігі. Еліміздегі католиктердің саны 182,6 мың адамды құрайды, ол барлық қазақстандықтардың 1,3%. Олардың 84 діни қауымы тіркелген, оның ішіндегі 79-ы – Қазақстандағы Рим-католик шіркеуінің тарамы.

Солтүстік Қазақстандағы Рим-католик шіркеуі. СҚО шіркеулерді, нақтырақ айтқанда, ғибадатханаларды тұрғызу ХХ ғасырдың басында басталған. Мұрағат мәліметтеріне сүйенсек, 1901 ж. 20 ақпан күні ІІМ архиепископқа хат жазған: «Дала генерал-губернаторы Акмола губерниясының Петропавл қаласының католик тұрғындары өкілетті еткен С.Р. Вонсович, К.О. Добровольский и Р.Ю. Клопотовскийлердің Петропавлда ғибадатхана (капелла) тұрғызуға өтінішхат жолдағандарын хабарлаған». Генерал-губернатор Петропавл ауданында 205 католик, Көкшетау және Есіл уездерінде 300-ге жуық католик тұратынын, сондықтан, оның көзқарасы бойынша, өтініш қанағаттандырылуы тиіс деп хабарлаған. Омбы және Семей епископы (ОПШ), сенушілер қауымының ұлттық құрамын ескере отырып, неміс және поляктар, өтінішхаттың қанағаттандырылатынымен келісті. Жаңа құрылған католик жамағаты Тирасполь епархиясының Омбы деканатына тіркелінді[1].

Аса Қасиетті Иса Жүрегінің храмы 1911-1912 ж.ж. жер аударылған поляктар және немістердің ұрпақтарымен салынған. Шіркеудегі діни қауым мүшелерінің (поляк, неміс, литов) саны 3000 дейін жеткен. Настоятелі Иосиф Сенвайтис еді. 1928 ж. дейін храмның жанында рим-католик діни қауымы болған еді. 1924 ж. Костелдың күмбезі бұзылып алынды, ал ғимарат тұрғын үйге бейімделді. 1956 ж. ғимарат қайтадан жоспарланып, «Заря»

балабақшасы өз есігін ашты [2]. 1999 ж. 30 сәуірінде ол «Святая Троица» Рим-католик приходуна жөндеу-жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін берілді. Қайта құру жұмыстары 1999-2001 ж.ж. аралығында жүргізілді. 2001 ж. Костел настоятелі Анджей Легеч еді. 2002 ж. қайта құрылған храмды Қазақстан апостол администраторы епископ Ян Павел Ленга қайтадан дәріптеді.

Қазақстандағы католиктердің аса құрметтісі болып – ХХ ғасыр басының тарих және архитектура ескерткіші Аса Қасиетті Иса жүрегінің храмы саналады. Архитектура жағынан қарасақ, храм 19 ғ. соңындағы типтік поляк костелы сияқты: нысаны жағынан қарапайым, зер элементтерісіз, тастан жасалған мықты құрылыс. Храм Қазақстан Конституциясы көш. 43А мекен-жайы бойынша орналасқан *(14-ші суретке қараңыз)*.

1994-2000 жж. Петропавлда «Святая Троица» Рим-католик приходуның **Құдай Мейірімділігі Ордасының храмы**. 2000 ж. Алматыдан келген апостол нунциі Марьян Олесьпен дәріптелді. Храм алтары мен қабырғаларына монтаждalған 12 алтын миниатюрлы крест (апостолдар санына қарай) зәйтүн майымсн жағылған. Германиядан үлкен қоңырау әкелінді. 2012 ж. 15 сәуір күні Құдай мейірімділігі храмы Пресвятая Дева Мария архиспариясында ресми түрде Құдай мейірімділігінің ордасы болып жарияланды. Храм Жамбыл көш. 198 мекен-жайы бойынша орналасқан *(15-ші суретке қараңыз)*.

«Святая Троица» рим-католик приходы 1993 ж. 20 сәуірінде Я.П. Ленгамен Петропавлда қаланды. Ә. Збигнев Котлинский настоятелі болып тағайындалды. 2012 ж. ә. Анджей Михан кезінде «Святая Троица» приходы мемлекеттік қайта тіркеуден өтті. 2013-2015 ж.ж. ә. Дариуш Пашинский настоятелдік қызметін атқарады. 2015 ж. оның орнына ә. Томаш Якубчак келеді. Құдайға құлшылық ету рәсімдері әр жексенбі күндері өткізіледі.

Қазақстандағы католицизмнің негізгі орталығы – Тайынша ауданы, мұнда еліміздегі католиктердің 40%-ға жуығы қоныстанған [3]. 1995 ж. Епископ Я.П. Ленга бүкіл Қазақстанды

Құдайананың қамқорлығына бағыштаған кезде, Краснополянский а.о. Озерное ауылын республикалық Қасиетті Дева Мария – Әлем Патшайымының қасиетті (санктуарий) жері деп жариялады.

Ауыл 1936 ж. Воляниядан Қазақстанға жер аударылған поляк халқымен құрылған. 1941 ж. тұрғындар ашаршылықтан күн көре алмай жатқан кезде, кенеттен, ауыл маңында бұлақ көздері атқылай бастады, кейін олардан ұзындығы 5-7 км, балығы көп көл пайда болды. 1955 ж. көл кеуіп кетті, бірақ қазірге дейін кеуіп кеткен өзен арнасы анық байқалады [4]. Діндарлар, әрине, бұл жағдайды құдайдың берген аманаты деп түсінді. 1997 ж. ол орында, биік жерде «Құдай Ана балықтармен» атты мүсін орнатылды. 1998 ж. Волинская шоқының үстінен Қазақстандағы барлық қуғын-сүргін құрбандарына арнап крест орнатылды.

1990 ж. Озерныйда католик приходы құрылып, мамыр айында храмның құрылыс жұмыстары басталды. Приход және храм **Мария Әлем Патшайымы** құрметіне аталды *(16-ші суретке қараңыз)*. 1992 ж. 9 тамыз күні құрылған ғимарат епископ Я.П. Ленгамсен дәріптелді. Храмның бірінші настоятелі (1990-1999 жж.) Томаш Пэта еді; қазіргі уақытта настоятелі ә. Томаш Бартчак. Приходқа тағы да Озерныйдың 60 км радиусы айналасында орналасқан 12 құдайға құлшылық ету үйлері тиесілі [5]. Приходта Непорочное зачатие Пресвятой Девы Марии конгрегациясынан қарындастар (1994 ж. бастап) қызмет етеді. 2014 ж. 2 шілдесінде «Царица Мира» приходында «Қазақстан жұлдызы» ерекше алтарі орнатылды. Әлемде оған ұқсас 12 алтарь бар. Ол Польша Республикасы католиктерінің аса қасиетті сыйлығы.

2006 ж. Озерный ауылына Швейцариядан келген монахтар отец-бенедикттердің монастырін қалаған. 2007 ж. бастап Озерныйда Ченхстовадан (Польша) келген монах әйел – кармелиткалар тұрып жатыр, олардың саяқ монастырлары 2013 ж. дәріптелген [6].

2011 ж. 11 шілде күні Озерный приходы ресми түрде

Қазақстан қамқоршысы, Құдай Ана Әлем патшайымының ұлттық қасиетті жері деп аталды. Ол бүкіл Қазақстан католиктерінің жаппай қажылық ету жері. Ұзақ жылдар бойы Озерныйда қазақстандық католик жастарының бас қосулары өтіп жатыр; 2013 ж. жазында болған бас қосу халықаралық кездесу еді.

2016 ж. мәліметтері бойынша, Солтүстік Қазақстан облысында 44 рим-католик бірлестігі (олардың ішінде – 11 приход): Айыртау ауданында – 1, Аққайың ауданында – 1, Есіл ауданында – 2, Қызылжар ауданында – 2, Тайынша ауданында – 35, М. Жұмабаев ауданында – 1 және облыс орталығында – 2.

1996 ж. 1 қыркүйегінен бастап Есіл ауданының Корнеевка ауылында Әулие Лоренцтың христиан бастауыш мектебі жұмыс істейді, кейін ол христиан орта мектебіне айналған.

Әдебиеттер.

1. Ксёндз Владислав Буковинский. Воспоминание о Казахстане.// о.Андрей Шченский. Отцы Церкви. Отцы наших отцов. Мы дети нашего Отца. Караганда, 2000. С. 248-249.
2. <http://sever.kz/?p=47>
3. <http://www.sko.gov.kz/news.php>
4. Наталья Кандудина. Вернемся в Озерное!
5. Страница прихода в Озёрном на официальном сайте Католической Церкви в Казахстане.
6. Misje. Kazakhstan - Oziornoje

4. ПРОТЕСТАНТИЗМ

Протестантизм – христиан дінінің ішіндегі негізгі бағыттарының бірі, Европадағы XVI ғ. кең антикатолик қозғалысының реформациясының пайда болуымен байланысты, көптеген дара шіркеудердің бірлестігі. Шамамен 800 млн. протестантизмге сенуші адам, оны христиандықтағы екінші бағыт қылды [1].

Протестантизм діни ілім бойынша бүтін емес, діни ағымдардың саны тұрақты түрде өсіп жататын бағыт [2]. Бәрінен бұрын лютерандық, цвинглиандық, кальвинизм, анабаптизм, меннонитдық, англикандық, пуритандық және пресвитериандық бөлініп шықты. Кейін одан «бергі Протестантизм»: конгрегационалистер, баптистер, методистер, квакерлер, адвентистер, новоапостол шіркеуі, Құтқару әскері, Христиан ғылымы, елуіншілер және т.б. бөлініп шықты.

Қазақстан Республикасындағы протестантизм келесі конфессиялармен белгілі: інжілдік-лютеран шіркеуі, пресвитериан шіркеуі, жетінші күн адвентистері және новоапостол шіркеуі.

Әдебиеттер.

1. Ревуненкова Н.В. Протестантизм. — Питер-Юг, 2007.
2. <http://e-islam.kz/ru/dintanu/articles/item/9482-protestantizm>

4.1. Інжілдік-лютеран шіркеуі

Лютерандық – христиан дінінің ішіндегі протестанттықтың ең көне ағымдарының бірі [1]. Протестантизмнің пайда болуының өзі лютерандықпен байланысты, өйткені лютерандардың Шпайердегі қарсылығынан кейін оларды

протестанттар деп атай бастаған.

Інжілдік-лютеран шіркеуі – ТМД аумағындағы жергілікті лютеран шіркеулері мен діни қауым бірлестігі. ІЛШ Бүкіләлемдік лютеран федерациясының мүшесі.

Қазақстандағы інжілдік-лютеран шіркеуі Алматы, Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Шығыс-Қазақстан, Солтүстік-Қазақстан облыстарындағы және Астана мен Алматы қалаларындағы 13 жергілікті діни бірлестігімен белгілі.

Солтүстік Қазақстан облысында 5 інжілдік-лютеран шіркеуі бар. Олардың барлығы Тайынша ауданында шоғырланған: Тайынша қаласындағы «Солтүстік Қазақстан облысындағы Інжілдік-лютеран приходы», Летовочное, Красная Поляна, Краснокаменка және Горькое ауылдарындағы «Қазақстан Республикасындағы Інжілдік-лютеран шіркеуі».

1950 ж. Бетхер мырза мен оның қарындасы Валентинаның үйінде **Тайынша қаласы** лютерандарының алғашқы құдайға құлшылық ету рәсімдері өтті. Алғашқы кездері құлшылық ету рәсімдерін өткізетін тұрақты жердің болмағандығынан, оларды Август Зиистың үйінде, Полинскийлер отбасының үйінде және И. Кин мен Эвальда Таронның үйінде өткізген болатын. Кейін, Новокузнецктен келген пастор Готфрид Готлибович Дамерт Первомайская көш. бойындағы өз үйінде құлшылық жораларды өткізе бастаған. 1979 ж. лютерандар ғибадатхана сатып алуға рұқсат ала алды. 1981 ж. Дамерттың дүние салғанынан кейін, барлық құлшылық ету жоралары садақаға сатып алынған, Западная көш. 2 мекен-жайы бойынша орналасқан ғибадатханада өткізіле бастады. Пастор болып Рингольд Миллер тағайындалды, оның орнын Петр Миллер басты, кейін 1992-1995 ж. Миллерлердың орнына Нина Миске келді.

1995 ж. бастап осы күнге дейін дінге қызметін уағызшы Маргарита Горбенко атқарып келеді. Діни қауымға айына бір рет жүріп-тұратын пасторлар келіп қалатын. Алғашында, Андрей Виттих, кейін Эвальд Красовский. 1997 ж. 8 қыркүйегінде діни қауым мемлекеттік тіркеуден өтіп, заңды тұлға статусына ие болып – «Қазақстан Республикасындағы

Инжіл-лютеран шіркеуі» діни бірлестігінің Солтүстік Қазақстандағы филиалы атына ие болды *(17-ші суретке қараңыз)*. 2012 ж. 12 маусым күні жамағат заңды тұлғаның «Солтүстік Қазақстан облысындағы Инжіл-лютеран приходы» жергілікті діни бірлестік атын иеленген, мемлекеттік тіркеуден өту куәлігін алды. Жамағаттың жиі қонақтарының бірі Ригадан Харальд Кальнин, Қазақстанның алғашқы епископы Р. Мозер және епископ Петер Ури еді. Тұрақты түрде діни қауымға қазіргі Қазақстан епископы Ю.Т. Новгородов қонақ болады.

1936 ж. Солтүстік Қазақстанның басқа да елді мекендерінде сияқты, **Краснокаменка ауылына** Украинадан депортацияланған поляктар мен немістер қоныстанды, олардың көбі лютерандар еді. 2001 ж. ақпан айында олар бір топ өздерінің сенушілер қауымдарын құрып, уағызшылары ретінде Лилия Радкены таңдаған еді. Алғашында, құдайға құлшылық ету рәсімдері оның үйінде өтсе, қазіргі кезде сенушілер қауымының бір мүшесінің үйінде өтіп тұрады *(18-ші суретке қараңыз)*. Қауымның құрылуына пасторлар Андрей Виттих, Эвальт Красовский, В.В. Кригер және епископ Ю.Т. Новгородовтардың қосқан үлестері көп.

